

**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**(НҰР-СҰЛТАН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)**  
**МЕН**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ**  
**«ҚОЛЖАЗБАЛАР ЖӘНЕ СИРЕК КІТАПТАР ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» РММ**  
**АРАСЫНДАҒЫ**  
**ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ**

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғам атынан Жарғы негізінде әрекет ететін ректоры Сыдықов Ерлан Бәтташұлы бір тараптан және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы» республикалық мемлекеттік мекемесі атынан Жарғы негізінде әрекет ететін директоры Отарбаев Мәлік Нұржанұлы екінші тараптан, әрі қарай «Тараптар», ал жеке түрде «Тарап» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумды жасасты (әрі қарай – «Меморандум») және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

**1 бап**

Тараптардың арасында өзара түсіністікті қолдау және білім мен ғылыми зерттеулерді саласында ынтымақтастықты дамыту осы Меморандумның мақсаты болып табылады.

**2 бап**

2.1 Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар бір-бірімен келесі бағыттар бойынша ынтымақтасуға келіседі:

2.1.1 бакалавр, магистрант, PhD докторантура деңгейіндегі білім беру бағдарламаларының білім алушыларының ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тағылымдамадан өтуі, кәсіби (оқу-өндірістік, өндірістік, зерттеу, дипломалды, педагогикалық) тәжірибеден өтуі;

2.1.2 өзара ортақ мүддені көздейтін салаларда - бакалавриат, магистратура, PhD докторантура білім беру бағдарламаларын даярлау;

2.1.3 өзара ортақ мүддені көздейтін салаларда - бакалавриат, магистратура деңгейінде қосдипломды білім беру бағдарламаларын даярлау;

2.1.4 Тарап өкілдерінің дәріс оқуында, ғылыми жұмыс бойынша ақпарат және тәжірибе алмасу;

2.1.5 Тараптардың өзара ортақ мүддені көздейтін салаларда ғылыми бірлескен іс шаралар (онлайн түрде) өткізу;

2.1.6 Тараптардың бірлескен ғылыми жобалар жүргізуі бағытында ынтымақтастық;

2.1.7 бірлескен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер, басқа да ғылыми шараларды өткізу, білім беру мен ғылым салаларындағы өзге де бастамашылықтарды жүргізу. Сонымен қатар, әлемдегі жетекші ғылыми цитата ақпараттық базаларына (Web of Science, Scopus және т.б.) кіретін рецензияланған

ғылыми басылымдардағы жарияланымдар ғылыми әріптестіктің нәтижесі болып табылады.

2.1.8 Біріккен жұмыстардың орындалу нәтижесі бойынша бірлескен ғылыми еңбектер мен оқулықтарды дайындау және жариялау;

2.1.9 Тараптар университеттердің академиялық рейтингін әзірлеу үшін сауалнамалар жүргізетін тәуелсіз халықаралық және ұлттық ұйымдармен (QS, THE және т.б.) ынтымақтастыққа даярлығын білдіреді;

2.1.10 ынтымақтастықты жүзеге асыруға қажетті ғылыми ақпаратпен, материалдар және құжаттар, іс-шаралар туралы ақпараттармен алмасу;

2.1.11 егер ол Тараптардың жарғылық міндеттеріне қайшы келмесе, Тараптардың қызметкерлерін кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін арттыру;

2.1.12 Баннерлермен алмасу, болмаған жағдайда Тараптардың сайттарында сілтемелер орналастыру;

2.1.13 Тараптар ұйымдастыратын білім беру аясындағы халықаралық конференциялар, көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарды хабарлау;

### **3 бап**

2 бапта көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

### **4 бап**

Осы Меморандум жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

Осы Меморандум шеңберіндегі ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру Тараптарын ықтималды ресурстары мен қаржылық қолдауына байланысты болады.

Тараптар қаржылық әріптестерді, сонымен қатар қорларды тарту мүмкіндігін қарастырады.

### **5 бап**

Осы Меморандумға толықтырулар мен өзгертулердің енгізілуі Тараптардың өзара келісімімен оның ажырамас бөлігі бола алатын және тиісті тәртіпте рәсімделетін, Тараптардың уәкілетті тұлғаларының қол қойған қосымша келісімі арқылы жүзеге асырылады.

### **6 бап**

Осы Меморандум шеңберінде ынтымақтаса отырып, Тараптар Қазақстан Республикасының заңдары мен ережелерін сақтайды.

Меморандум шеңберінде туындайтын даулар Тараптар арасында талқылау және келіссөздер жүргізу негізінде шешіледі.

### **7 бап**

Осы Меморандум Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және бес жыл мерзімінде жарамды. Егер оның тоқтатылуына алты ай қалған мерзімнен кешіктірмей Тараптар күшінің тоқтатылуын талап етпесе, осы Меморандум әрі қарай бес жыл мерзімге автоматты түрде ұзартылады.

### 8 бап

Осы Меморандум үш нұсқада қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, сонымен қатар мәтіндер бірдей заңды күшке ие.

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті**

**Ректор**  
**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы**



Күні: «08» 02 2021 ж.

010008, Қазақстан Республикасы,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Сатпаев, 2  
Тел: +7 7172 709500  
Факс: +7 7172 709457  
E-mail: enu@enu.kz  
Сайт: www.enu.kz

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі  
«Қолжазбалар және сирек кітаптар  
ұлттық орталығы» РММ**

**Директор**  
**Отарбаев Мәлік Нұржанұлы**



Күні: «08» 02 2021 ж.

010008 Қазақстан Республикасы,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Нұржол желек жолы  
12  
Тел: +7 7172 709500  
Факс:  
E-mail: nc-ais@mail.ru  
Сайт: <http://ncmrb.kz/>